



БҰЙРЫҚ

11.04.2025

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 187

город Шымкент

Қаржы басқарушыны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының 23 бабының 1 тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Уалихан Номанович Есиркеповтың арызы бойынша қаржы басқарушысы болып Ақниет Абдразаққызы Ақылбекова тағайындалсын.

2. Қаржы басқарушы А.А.Ақылбекова «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқарма басшысының м.а. А.Зеевке жүктелсін.

Негіздеме: Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 04.04.2025 жылғы сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы бойынша іс қозғау туралы ұйғарымы.




Басшы



Б.Қарымсақов

«Қаржы басқарушыны тағайындау туралы»
(бұйрықтың атауы)

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің
2025 жылғы «11» 04 № 187 бұйрығының келісім парағы

Атауы	Құрылымдық бөлімшелер атауы	Жауапты тұлғалардың аты-жөні	Жауапты тұлғалардың қолы, күні
КЕЛІСУ	Басшының орынбасары	Ж.Акаев	
	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысының м.а	А.Зеев	
ӘЗІРЛЕГЕН	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының бас маманы	А.Утегулов	

**Талап қою арызын сот ісін жүргізуге қабылдап, азаматтық
іс қозғау және істі сотта талқылауға дайындау туралы
Ұ Й Ғ А Р Ы М**

2025 жылғы 4 сәуір

Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы Д.Мұратбекұлы арызданушы Уалихан Номанович Есиркеповтың кредитор АҚ "First Heartland Jusan Bank" сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызымен танысып,

АНЫҚТАДЫ:

Арыз «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай – Заң) 20 бабының талаптарына сай келеді.

Арыз Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының соттылығына жатады, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 148-150-баптарының талаптарына сәйкес келеді, сотқа қазақ тілінде берілген, сондықтан АПК-нің 14-бабына сәйкес іс бойынша өндірісті қазақ тілінде жүргізу қажет.

Талап қою «Сот кабинеті» сервисі арқылы түскен. Сондықтан АПК-нің 133-1-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою бойынша азаматтық сот ісін электрондық форматта жүргізуге жатады.

Баяндалғандар негізінде, Заңның 20,22 баптарына сай, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Талап қою арызы іс жүргізуге қабылдансын, азаматтық іс қозғалсын.
Сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленсін.

Азаматтық сот ісін жүргізу электрондық форматта жүргізілсін.

Істі сотта талқылауға дайындау тәртібімен төмендегідей әрекеттер жүргізілсін:

Шымкент қаласының мемлекеттік кірістер департаментін сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау міндеттелсін.

Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қаржы басқарушысы сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сотқа қорытынды ұсынсын.

Борышкердің, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңның



22-бабының 1-тармағында көзделген салдарды орындау жөніндегі міндеттерді орындасын.

Борышкердің мүліктік массасына түгендеу жүргізу үшін оған қаржы басқарушысының қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша борышкердің міндетті екені түсіндірілсін.

- борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептелсін;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынсын;
- борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылсын;
- борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынсын;
- кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептелсін;
- Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынсын;
- борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмесін;
- осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылсын;
- борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрсын;
- мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлкі беруге, мүліктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрсын.

Барлық мемлекеттік органдарға, өзге де органдар мен ұйымдарға жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жүргізуге тиым салуды міндеттеуге.



Сот арқылы банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымының көшірмесі борышкерге, Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне, Шымкент қаласының Әділет департаментіне, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына, Шымкент қаласы бойынша жеке сот орындаушылар палатасына жолдансын.

Алдын ала сот отырысы 2025 жылғы 2 мамыр сағат 09:30 тағайындалсын, бұл жөнінде мүдделі жақтарға хабарлансын.

Судья

Д.Мұратбекұлы



Құжатқа қол қойылған: Мұратбекұлы Д., 04.04.2025



242-25-3-1/10792